

# АСТАНА

ық қоғамдық-саяси газет  
13 қазаннан бастап шығады

## ХАБАРЫ

№75 (2239) Сейсенбі 24 маусым 2008 жыл  
E-mail: [astanahabary@astanatelecom.kz](mailto:astanahabary@astanatelecom.kz)

**Жыл – өткен сайын еліміздің көркеюімен бірге бас қаламыз да ажарланып және гүлденіп келеді. Әсіресе мереке күндері тіпті әдеміленіп кетеді. Кеудеңді шаттық пен қуанышқа толтырады. Бүгінде қаланың аумағы 71 мың гектарды алып жатыр. Халқы саны 700 мың адамға жетті. Ұлт пен ұлысты ұйытқан ұлы даланың жүрегі іспетті ел тамырына дара тасқын дарытуда.**

**1997** жылы астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы жарлыққа Президентіміз қол қойды. 1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» деген мәртебелі атақ беріліп, арнайы медаль тапсырылды.

Астанада жүзден астам ұлт пен ұлыстар жасайды. Көптеген ұлттардың мәдени орталықтары жұмыс істейді.

Астана қаласында орта және ірі көлемде 68 өнеркәсіптік мекемелер жұмыс істейді. Олар 19 293 млн. теңгеге өнім шығарып және қызмет көрсетеді. Қалада шағын кәсіпкерліктің арқасында 54 163 млн. теңгеге өнім өндіріледі. Шағын бизнес саласында 51100 субъект тіркелген. Онда 95 мыңнан астам адам жұмыс істеп келеді. Бүгінде астаналықтардың жалақы мөлшері орта есеппен бір айда 63 475 теңгені құрап отыр.

Бас қаламызда құрылыс қарқынын дамып, оның сапасы да айрықша назарда тұр. 2007 жылдың бірінші тоқсанында мекемелердің, ұйымдар мен қала тұрғындарының арқасында 2845 пәтер пайдалануға берілді. Бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2,5 есеге көп деуге болады. Астана қаласының жер жөніндегі комиссиясында 206 арыз қаралып басым көпшілігінің өтініші орындалды.

Астанада салынып жатқан бірқатар құрылыс нысандары баршылық. Өлемдегі теңдесі жоқ кино мен концерт орталығына айналар бұл зал 3500 орынға арналған. Сырт келбеті көз тартар ғимараттың акустикасы да жоғары болмақ. Келер жылдың аяғында

# ЕҢСЕСІ БИЖКТЕГЕН ЕЛОРДА

пайдалануға беріледі. Болашақта Астанада әлемдік деңгейдегі ірі жарыстар өткізіліп тұрады. Себебі мұнда 30 мыңдай адам сыятын алып стадионның құрылысы басталды.

2010 жылға дейінгі таяу мерзімде әлеуметтік-мәдени саланың (медициналық және мәдени орталықтар, жаңа университет, мектептер, балабақшалар) жаңа нысандарының іске қосылуын ескере отырып, әлеуметтік және бюджеттік салаға 20 мыңдай қосымша қызметкер тарту қажеттігі туатыны болжанып отыр. Осылайша, 2010 жылға дейін бюджеттік сала қызметкерлерінің және мемлекеттік органдарда қызмет істейтіндердің, ескери қызметшілер мен тұрғындардың әлеуметтік қорғалатын топтарының кезекте тұрғындарының тұрғын үйге жалпы мұқтаждығы шамамен 36 мың пәтерді құрайтын болып отыр.

Биылғы жылы қалада 5 мектепті пайдалануға берілуі жоспарланып отыр. Онда 5400 оқушылар оқиды. Сонымен бірге 1060 орындық 5 балабақша да іске қосылады. Ертеңгі болашағымыздың тағдыры бүгінгі жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты. Бұл орайда жан-жақты білімді, парасатты, саналы азамат тәрбиелеу, олардың жан дүниесін әлемдік өркениетке сай рухани қазыналармен байыту, халықтық педагогика дәстүрлерінің озық өнегелерін ой-санасына орнықтыру — барша ел-жұрт, қала тұрғындары, отбасы, қоғамдық мекемелер болып бірлесіп атқаратын аса жауапты міндет.

Сондықтан да қала әкімшілігі Үкіметке 2010 жылға дейінгі кезеңде тағы да 9 жалпы білім беретін мектеп салу үшін қосымша бюджеттік қаражат бөлінуін сұрап отыр. Бұл елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасында сол мерзімге қарастырылған (14 мектеп және 2 кәсіптік мектеп) білім ордаларының санынан тыс екенін айта кету керек.

Елбасының Жолдауында медициналық қызмет сапасын жақсарту және денсаулық сақтаудың жоғары

технологиялық жүйесін дамыту жөнінде де міндеттер қойылды. 2007 жылы пайдалануға берілетін 4 жаңа амбулаториялық-емханалық кешеннің құрылысымен қатар, денсаулық сақтау саласын инновациялық тұрғыдан дамыту ісімен де тығыз айналысу керек.

Ал енді автокөліктердің көптігінен көше проблемасын шешу үшін сингапурлық тәжірибеге көшеміз деп мәлімдеген болатын қала басшылығы. Бүгінде қала әкімшілігі «Сингапур Технолоджиз Инжиниринг» компаниясымен келіссөздер жүргізіп келеді.

Еліміздің экономикасының дамуы, өндірістің тұрақты ілгері басыу, жалақының орташа мөлшерінің артуы және басқа да оң нысандар азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесін одан өрі жетілдіре түсу жөніндегі мәселелерді шешуге ықпал етуде. Сондықтан жаңа экономикалық қатынастар жағдайында әлеуметтік салада да оң өзгерістер орын алуға. Мәселен, 2007 жылдың 1 сәуіріне дейінгі дерек бойынша 737 адамға 25,193 миллион теңгенің әлеуметтік төлемі жасалды. Оның ішінде 536 адамға еңбек қабілетін жоғалтқаны үшін 15,40 миллион, асыраушысынан айырылған 185 алушыға 9,511 миллион, жұмыссыз қалған 16 адамға 278,1 мың теңге төленген. Сонымен бірге демографиялық процестерін қолдау мақсатында бала туу және оны тәрбиелеу әлеуметтік қорғауға жататын жағдай ретінде қарастырылатын болады.

Бас қаламыз Астана мәдениет ошағының орталығы болып қалыптасып келеді. Астаналықтардың және қонақтарымыздың пікірі бойынша мәдениет саласының даму деңгейі де жыл өткен сайын сапасы көтеріліп және игілікті жұмыстар істелініп келеді. Сонымен бірге қалаға қатысты шараларды халықаралық деңгейге көтеру қажет. Астананы мәдени-рухани орталыққа айналдыру керек. Бұл — Елбасының талабы. Астана сияқты мегаполиске арнайы қазақ телеарнаының қажеттігі де туып отыр.

Астана — Қазақстан дамуының локомотиві. Астана сәулетімен де, дәулетімен де баршаға үлгі бола алады.

Әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени тұрғыдан күн өткен сайын өрлей түскен елорданың әдемі өрі таза қала болуы да қала басшылығының күн тәртібінен түспей келеді. Сонымен қатар бұл мәселе Елбасымыз бен Үкіметіміздің назарында. Сондықтан қаланы абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары да жақсы жүріп жатыр. Бұл іске өз үлестерін өткен сәуір айындағы сенбілікте 60 мыңнан астам қала тұрғындары қатысты. Үстіміздегі жылдың өзінде негізгі қорғау тартылған инвестиция көлемі 40,6 миллиард теңгені құрап отыр, бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 134,2 пайызға артық. Биылғы ортамерзімдік жоспар бойынша негізгі қорғау қайылатын инвестиция одан өрі өсе түспек.

Ортамерзімдік кезеңде өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемін арттырып, 256,0 млрд.теңгеге жеткізу көзделуде. Былтыр шығарылған өнімнің көлемі 77,0 млрд.теңге болса, енді жыл сайын өндіру көлемін 25 пайызға арттырып отыру жоспарланған. Индустриалды-инновациялық даму стратегиясын одан өрі жүзеге асыру аясында Астанада индустриалды паркке көп көңіл бөлінген, соның аумағында бюджеттік қаражат есебінен инженерлік коммуникациялар құрылысы жүргізіліп жатыр.

Өндірістік және қызмет көрсету инфрақұрылымын қалыптастыру, шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында ортамерзімдік кезеңде шағын кәсіпкерлік субьектілерінің өсуі және олардың қала экономикасының барлық саласына қатысуы үшін елордада қолайлы ахуал қалыптастыру жағы қарастырылған.

Қазіргі кезде көшіп келу квотасы бойынша Астана қаласына қоныстанған оралмандарды орналастырудың жайы жыл сайын жақсарып келеді. Мәселен, 2006 жылы оралмандардың көшіп келу квотасына 109 отбасы, 563

адам комиссия шешімімен енгізілді, оның ішінде: 251 адам еңбекке қабілетті жасқа жетпегендер, 279 адам еңбекке қабілетті жастағылар. 33 зейнеткер бар. Квотаға кірген барлық отбасылар «Халықтың көші-қон туралы» Заңның 29-4-бабында көзделгендей, тұрғын үй алуға жәрдемақы және көлік шығындарының өтеміні алды. Ол үшін республикалық бюджеттен 79 миллион 665 мың теңге бөлінген, қаражат толығымен игерілді.

Бүгінгі таңда Астанамыз өлемге танылды. Қазақ елінің бас қаласында өлем көз тіккен қаншама ірі халықаралық саяси-мәдени шаралар өтіп жатыр. Астанамыз туралы көптеген игі пікірлер де баршылық. Келген қонақтар таңырқап өз көзқарастарын ыстыққыластарын білдіріп жатады. Астананың бүгінгі мен келешегі туралы дүниеге танымал саясаткерлер мен қайраткерлердің пікірлерін талай істедік. Мысалы, биылғы жылдың сәуір айында Польша Республикасының Жоғарғы бақылау палатасының президенті Мирослав Секула Астананың келісті келбетіне таңданысын жасырмады. «Елорданың келешекте өлемдегі көшбасшы қалалардың біріне айналатынына сенімдімін» - дей келе, екі елдің өзара ынтымақтастық қарым-қатынасы кеңейе түсуіне тілектестік білдірді.

Биылғы көктемде грузиялық қонақтардың бір тобын қала әкімі қабылдады. Екі ел астанасының басшылары кездесу барысында бірқатар мәселелерді талқылады. Осы жылы екі ел арасында көптеген халықаралық конференциялар мен көрмелер ұйымдастырылады. Елордамызда «Тбилиси» сауда орталығы жұмыс істейтін болады.

Астана күні — қалада өткізілетін ең маңызды шаралардың қатарында. Сондықтан да жыл сайын қала күнін өткізуге жауапты жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетінде дәстүрлі шараларды өткізуге арнайы қаражат қарастырылып отырады.

**Бақыт ТӨЛЕГЕНҰЛЫ**

*Астана — Қазақстан дамуының локомотиві. Астана сәулетімен де, дәулетімен де баршаға үлгі бола алады.*